



№20 «Ал-Жерің» бөбекжай
Балалардың меңгерушісі
Сейдалиева

«Қош келдің жаңа жыл»



«Сұңқар» кіші топ

Тәрбиеші: Стаева.Ш

Момынова.С

Шымкент 2022ж

«Қош келдің, Жана жыл!»
Кіші топ- Сұңқар тобы.

Ақшақар: Армысыздар ардақты ағайын, Ұлағатты ұстаздар!

Бүгін сізге жырдан алқа тағайын,

Шат күлкіге толы болсын маңайың.

Көргендер де көрмегенде арманда.

Жаңа жылың құтты болсын ағайын.

Бүгінгі Жаңа Жыл кешін барлығымыз көтеріңкі көңіл күймен, әсем ән, сәнді бимен өткізуге ат салысамыз деген үмітіміз бар. Байқаймын балалар кешігіп жатырған секілді. Мен оларды біздің ғажайып Жаңа Жылға шақырып едім.

Сол кезде телефон шырылдайды.

Ақшақар: Алло, бұл кім?

(Телефонның ар жағынан дауыс естіледі)

- Алло, Бұл "Сұңқар" тобы. Біз есікті аша алмай тұрмыз, есік тек ғажайып шырша ғана аша алады.

Ақшақар: Ол қалай?

- Шырша түбінде ата-аналарға арналған сұрақтар бар. Сол сұрақтарға жауап берсе ғана есік ашылады. Тездетіңіздерші біз мерекені бастауға асығып тұрмыз.

Ақшақар: Жарайды, жарайды.

Ендеше шырша түбіндегі сұрақтарды алайын. Бұл жерде үш сұрақ бар екен. Ортаға 3 ата-ана шыға қойсын.

1. Сіз Жаңа жылға Аяз-атадан қандай сыйлық алғыңыз келеді?
2. Жаңа жылға арналған қандай тақпақ білесіз?
3. Қандай жаңа жылдық ән білесіз, бір шумағын айтып беріңіз.

Есік ашылып, балалар ішке кіреді.

Қане, балаларымызды қошеметпен қарсы алайық.

Балалар, шыршаны айнала тұрайық. Біздің ғажайып Жаңа Жыл мерекесіне қош келдіңіздер балалар. Бүгінгі мерекені әннен бастайық.

Ән. «Шырша әні»

Балалар орындарына отырады.

Музыка ойнайды. Сықырлаған қардың дауысы естіледі.

Жүргізуші: Балалар, шыршаның астында бір нәрсе жыбырлайтын сияқты, мен не бар екенін көрейін!

Жүргізуші (таңдана): Балалар, бұл аққала ғой! Бұл қар жай қар емес, сиқырлы аққала! Сиқырлы қар сөйлейтін секілді, бірақ дауысы тым ақырын екен, мен оның не айтып жатқанын тыңдап көрейін! (Аққалаға құлағын тосады). Балалар, сиқырлы аққала бізді шыршаны жағуға шақырып жатыр! Сендер қысқы шыршаны айналғыларың келе ме? Ендеше сиқырлы аққаламызды жолға жіберейік, ол бізді қайда алып барар екен? (Аққаланы жібереді). О, үйшік? Бұл үйшікте кім бар екен, кім тұрады екен? Мен есігін қағып көрейінші!!

Музыка ойнайды. Ақшақардың келуі.

Ақшақар: Сендер кімсіңдер?

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, ал сіз кім боласыз?

Ақшақар: Мен Ақшақармын, Аяз атаның немересімін, ал сендер кімсіңдер?

Жүргізуші: Біз Айкерім балабақшасынанбыз, бізді бұл жерге аққала алып келді! Мінекей, аққала!

Ақшақар: Жарайсың, аққала! Қонақтармен келгеніңе өте қуаныштымын! Келіндер, аққаламен бірге би билейік!

Би: «Белые снежинки»

Ақшақар: Ой балалар не деген көп қар кесегі жиналған!! Қар кесегін жинап ойын ойнауға болады, балалар ойын ойнағыларың келе ме?

Жүргізуші: Әрине Ақшақар, біздің балалар қар кесегімен ойнағанды ұнатады!

Солай ма, онда қар кесегімен ойын ойнайық!

Жүргізуші:

Қыс қызығы тамаша
Ойнаймыз біз таласа
Думанымыз жалғассын
Жаңа жылға тамаша!

Балалар, канекей, орнымыздан тұрып, қар кесегімен ойнайық!

Музыка. Ойын «Қар кесектері»

Ақшақар: Ал енді қане балалар, мына сиқырлы аққаламыз бізді әрі қарай қайда апаратынын көрейік?! Мен аққаланы жіберейік!

Музыка ойнайды

Ақшақар: Бұл жерде ешкім жоқ, шырша ғой мынау! Ешкім де жоқ!

Жүргізуші: жоқ Ақшақар, шыршаның артында біреу бар сияқты?!

Ақшақар: Ешкім жоқ қой?

Жүргізуші: Балалар, шыршаның артында біреу барма әлде жоқ па? Мен қарап көрейін! Ааа, БҰЛ жерде қоян тығылып отыр екен ғой!

Музыка. Қоянның шығуы.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, қоян?!

Қоян: Сәлеметсіңдер ме!

Ақшақар: Сен неге шыршаның артында тығылып отырсың?

Қоян: Мен бұл жерде жалғызбын, Жаңа жылды жалғыз қарсы алуға қорықтым!

Ақшақар: Қорықпа қоян, біздің балаларда Жаңа жылдыасыға күтіп отыр! Сен біздің мерекеде қал! Жаңа жылды бірге күтейік, сен біздің Жаңа жылымызда көжектермен биле!

Қоян: Жарайды!

Жүргізуші: Біздің кішкентай көжектеріміз би билегенді өте жақсы көреді! Гномик биі.

Қоян: Рахмет балалар, билерің өте қызықты болды, менің көңіл-күйім көтеріліп қалды, мен енді қорықпаймын!

Музыка ойнайды: Иттің дауысы шығады.

Иттің келуі: Гаф-гаф мені кім шақырды?

Ақшақар: Балалар, қорықпандар, қане шыға қойыңдар, біздің досымыз, қорғанымыз күшік досымыз келіп жетті, күшігім сені біздің мерекелік кешімізге мен шақырған едім!

Жүргізуші: О-о-о, күшігім қош келдің! Қане балалар, күшік досымызбен амандасайық! Біздің мерекеде қал! Бізбен бірге бол!

, Жаңа 2023-ші жылды асыға күткен едік!

Күшік: Рахмет достарым, сендердің мерекелеріңде қуана-қуана қаламын!

Ақшақар:

Күшік, күшік, Аяз ата келе ме?

Бізге сыйлық бере ме?

Күшік:

Әрине, ата келеді

Бізге кө-ө-п сыйлық береді.

Сағаттың соғылуы, Жаңа жылдың келуі.

Ақшақар: Қоян сен қорқып тұрмысың?

Жүргізуші: Мына дауыс қайдан соғып тұр?

Ақшақар: Қорықпандар, бұл дауыс менің атам Аяздікі.

Музыка ойнайды. Аяз атаның келуі.

Аяз Ата:

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым

Қандай әсем жүздерін

Қандай мөлдір көздерін

Керемет бір ән тыңдап,
Келіп тұр-ау демалғым.

Ақшақар: Ендеше біз Аяз атаның көңілін көтерйік, өнерімізді көрсетіп ән айтып берейік! Сендер ән айтып берсеңдер, Аяз ата сендерге сыйлық береді!

ӘН. «Жаңа жыл»

Жүргізуші: Аяз ата, балаларымыздың әні сізге ұнады ма?

Аяз ата: Жаксы айттыңдар, балапандар!

Жүргізуші: Балаларымыз тек ән айтып қана қоймай, сізге тақпақтарын да дайындап алып келді!

Ал, балалар, тұрмайық
Аяз атаға арнаған
Тақпағымызды айтайық.
Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Аяз ата: Қанекей, жыл бойы жинаған тақпақтарыңды маған айтып беріңдерші!

Ақшақар: Балалар, Аяз атаға тақпағымызды даусымызды шығарып қатты айтып берейік!

Балалардың тақпақтары.

*Айсұлтан: Кел жаңа жыл, жаңа жыл,
Айналаға шашып нұр!*


*Жанелья: Қандай әсем шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз!*

*Мариям: Жаңа жыл келгенде қуана қарсы аламыз,
Аяз ата келгенде билейміз ән саламыз!*

*Дамир: О алақай тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Жаңа жылда бәріміз
Ән шырқауымыз жаңаша!*

*Муслима: Жаңа жыл ,жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында ,
Билеп барлық бала жүр!*

Аяз ата: Жарайсыңдар балапандарым, өте өнерлі екенсіңдер! Балалар, мен сендерге бір сикыр көрсетейін! Ол үшін сендердің көмектерің қажет!



Барлығың маған мынау сәбізді үрлеуге көмектесіңдер! (Балалар сәбізді үрлеп, өсіреді) Балалар, сендердің үрлеген сәбіздерің үлкен сәбізге айналды!

Ақшақар: Балалар Аяз ата бізге неткен керемет сиқыр көрсетті! Ендеше мына сәбіздің ішін ашып көрейікші! Ой қандай керемет, бұл сәбіздің ішінде сыйлықтар бар екен, бұл сыйлықты топқа барып аламыз.

Аяз ата: Ой, бәрекелді, балақайлар. Мен сендерге ризамын. Мені сендер сияқты басқа да балалар күт уде. Жаңажылдарыңыз құтты болсын! Келесі жылға дейінкөріскенше, аман с ау болыңдар!

Жүргізуші: Рахмет сізге Аяз ата!

Жаңа жылым төрле бізге нұр болып,
Жаксылықтың жаршысы боп, бақ болып.

Аяз ата: Жаңа жылда жол болсын!

Ақшақар: Әрбір үйде той болсын!

Берекелі жыл болсын!

Күшік: Ақ дастарқан мол болсын!

Барлығы бірге: Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Барлығы бірге музыка әуенімен залдан шығып кетеді.

